Досудебный доклад из этих 970 лиц был составлен лишь в отношении 192, в остальных случаях уголовное дело прекратилось на стадии досудебного расследования (в основном, за примирением сторон), что повлекло прекращение работы по составлению досудебного доклада.

Поскольку досудебный доклад представляется до начала судебного разбирательства самому лицу, к которому применяется досудебная пробация, вызывает большие сомнения, что 14 досудебных докладов с рекомендацией применить к подозреваемому/обвиняемому наказание в виде лишения свободы были предоставлены суду при рассмотрении соответствующего уголовного дела по существу.

Высокий процент прекращения уголовных дел на стадии досудебного расследования, передача досудебного доклада на руки инициатору, отсутствие самостоятельного процессуального статуса сотрудника СП и заинтересованности суда в досудебном докладе способствует неэффективному расходованию сил и средств службы пробации.

В связи с этим полагаем, что возникла настоятельная потребность в пересмотре механизма правового регулирования досудебной пробации.

В контексте приговорной пробации основным направлением деятельности службы пробации является осуществление пробационного контроля.

Пробационный контроль осуществляется в отношении осужденных к ограничению свободы, лиц, к которым применено условное осуждение и лишение свободы заменено ограничением свободы.

Для эффективной реализации данного направления, по нашему мнению, следует выстроить «корпоративно-партнерскую» систему реагирования на нарушения условий пробационного контроля со стороны подучетных лиц. Так, в 2021 году сотрудниками было направлено в суды

более 7000 представлений о замене наказания более строгим, в связи с неоднократным нарушением осужденными условий пробационного контроля. Судами было удовлетворено порядка 25% представлений, остальные были оставлены без удовлетворения.

Наряду с этим, необходимо отметить, что объем пробационного контроля определяется судом и как правило, является стандартным, без учета общественной опасности и особенностей личности преступника, вида совершенного деяния и детерминант преступного поведения. Соответственно это ведет к тому, что объем воздействия со стороны службы пробации в отношении осужденных стандартизирован. На законодательном уровне необходимо качественно расширить перечень ограничений, обязанностей и рекомендаций, ориентированных прежде всего на успешную ресоциализацию осужденного.

Вместе с тем, нужно отметить, что служба пробации не имеет возможности гибко реагировать на положительные изменения, происходящие в сознании и поведении осужденного, т.к. единственным инструментом поддержки социально одобряемого поведения является УДО.

Пенитенциарная пробация. В качестве основного субъекта пенитенциарной пробации определена администрация учреждений УИС. На неё возложена задача по проведению за год до освобождения осужденного мероприятий по ресоциализации в форме оказания социально-правовой помощи.

В настоящее время действующая модель ресоциализации признана неэффективной и нуждающейся в кардинальном пересмотре подходов и методов [5].

На ближайшую перспективу определены задачи по:

изменению механизмов взаимодействия с местными исполнительными органами для разрешения вопросов, связанных с отбыванием наказания осужденными;

переориентированию работы по реализации постпенитенциарной пробации с количественных показателей на качественные;

пересмотру подходов к реализации пенитенциарной пробации, то есть ресоциализации лиц, отбывающих наказание в виде лишения свободы, с учетом международного передового опыта с привлечением представителей гражданского общества [6].

Постпенитенциарная пробация осуществляется в двух формах. В форме пробационного контроля она применяется службой пробации к лицам, которым лишение свободы заменено ограничением свободы, полицией в отношении лиц, условно-досрочно освобожденных из мест лишения свободы.

Постпенитенциарная пробация в форме социально-правовой помощи (далее – СПП) осуществляется местными исполнительными органами в отношении лиц, которым судом установлен административный надзор, лишение свободы заменено на штраф и отбывшим назначенный судом срок наказания в виде лишения свободы.

Современные реалии таковы, что в 2021 году охват осужденных СПП составлял более 80%, в настоящее время, после изменений национального

законодательства этот показатель составляет менее 10%. Этот диссонанс не замедлит сказаться на таком показателе как уровень повторной преступности, что требует с одной стороны изменения подходов государственных органов к организации работе по предоставлению СПП, с другой, незамедлительного законодательного урегулирования вопросов взаимодействия местных исполнительных органов, осуществляющих СПП.

На момент проведения исследования количество сотрудников служб пробации по республике составило более 1400 единиц; количество осужденных, прошедших по учетам служб пробации составило 59582 чел., из них 6019 женщин и 325 н/летних [4].

Средний показатель лиц, состоящих на учете у одного сотрудника СП, в целом по стране составляет 50 чел. Этот показатель формально соответствует требованиям приказа МВД 2015 года, устанавливающим среднюю нагрузку для городских пробаций – 50 чел., для районных – 40.

Но представленные выше расчеты дают идеальную цифру. На практике, в условиях наличия вакантных должностей, больничных и отпусков по уходу за ребенком, трудовых отпусков и командировок сотрудников она значительно возрастает.

Вместе с тем, следует обратить внимание на не равномерное региональное распределение нагрузки, ввиду разной плотности населения и уровня преступности. Так, в Павлодарской и Костанайской областях показатель нагрузки по республике за рассматриваемый период самый низкий, в крупных городах страны Алматы, Шымкенте и Актюбинской области высокий. Таким образом, реальный средний показатель значительно выше идеального и достигает, например, в мегаполисах более 100 осужденных на одного сотрудника.

Поступательное увеличение численности осужденных приводит к констатации объективной потребности в увеличении штатной численности службы пробации, т.к. последние организационно-штатные изменения в структуре пробации проводились в 2012 году.

Положительные тенденции, связанные с активным использованием альтернативных лишению свободы наказаний и иных мер уголовно-правового воздействия, повлекли за собой изменение количественных и качественных характеристик подучетных лиц. Неизбежно в числе лиц, проходящих по учетам службы пробации и полиции, растет показатель лиц, совершивших тяжкие и особо тяжкие преступления, что неминуемо должно повлечь изменение действующих подходов по организации пробационного контроля на современном этапе.

Так, более 60% осужденных, состоящих на учетах службы пробации осуждены за совершение тяжких и особо тяжких преступлений [4].

Сотрудники пробации и участковые инспектора полиции ежедневно в практической деятельности сталкиваются с необходимостью организации работы с различными категориями осужденных: рецидивистами, несовершеннолетними, женщинами, педофилами, лицами, осужденными за преступления насильственного характера. Это требует дополнительных знаний, навыков для учета особенностей каждой категории при организации

работы.

В условиях появления новых угроз и вызовов, реформирование уголовно-исполнительной системы ориентировано на поиск средств достижения высокого качества уголовно-исполнительной деятельности, как в условиях изоляции от общества, так и без него. Одним из таких инструментов стала оценка рисков и потребностей правонарушителей, основы которой для службы пробации были разработаны в 2018 году. Полагаем целесообразным доработать и внедрить данный инструмент в деятельность учреждений УИС. По сути, речь идет о проведении социального исследования личности осужденного, по результатам которого сотрудник может прогнозировать вероятность совершения повторного преступления и определять детерминанты преступного поведения. Следует учесть, что выявленные риски не сводятся только к рецидиву преступления, но и включают в себя риски деликвентных форм поведения: суицидов, членовредительства, наркотизации и т.п.

Результаты, полученные с помощью инструмента оценки риска и потребности, позволяют обеспечить индивидуализацию процесса исполнения наказания и эргономично распределять ресурсы.

Для принятия грамотных решений о классификации осужденных и разработке действенных программ индивидуальной реабилитации важно, как можно больше знать о личной предыстории заключенного, его уголовном прошлом, чертах характера, идеологии, поведении в тюрьме. Исследования указывают на большое разнообразие мотивов и факторов, приводящих отдельных лиц к преступной деятельности. Понимание того, почему отдельные осужденные избрали путь преступной деятельности, крайне важно при разработке программ ресоциализации.

Резюмируя вышеизложенное хотелось бы подчеркнуть, что для повышения эффективности деятельности службы пробации необходимо:

пересмотреть механизмы правового регулирования досудебной пробации;

расширить перечень ограничений, обязанностей и рекомендаций суда при назначении пробационного контроля;

рассмотреть вопрос о целесообразности исполнении меры уголовно-правового воздействия – отсрочки исполнения наказания в виде пробационного контроля;

расширить сферу применения инструмента оценки рисков и потребностей в уголовно-исполнительной системе.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Минимальные стандартные правила Организации Объединенных Наций в отношении мер, не связанных с тюремным заключением [Токийские правила] [Электронный ресурс]. Режим доступа: [dilet.zan.kz/rus/docs/O9000000004](http://dilet.zan.kz/rus/docs/O9000000004)

2. Саламатов Е.А. Динамика снижения «тюремного населения» через призму пенитенциарной системы [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.zakon.kz/4845521-dinamika-snizhenija-tjuremnogo.html?ysclid=leqxlg186a972132764>

3. Сведения о лицах, содержащихся в местах лишения свободы на 01.06.2021 года [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ps?lang=ru&ysclid=leqxrifgsx736498625>

4. Сведения о численности и движении осужденных к наказанию, не связанным с изоляцией от общества за 10 месяцев 2021/2022 года Управления по руководству службой пробации КУИС МВД Республики Казахстан.

5. Концепция правовой политики Республики Казахстан до 2030 года [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>

6. План действий по реализации Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕСТЕГІ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БАСҚАРУШЫЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ**

**Мұрат А.,**

ЖІҚ кафедрасының аға оқытушысы, полиция майоры  
ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

**Уақасов Д.А.,**

ғалым хатшы, заң ғылымдарының кандидаты, полиция подполковнигі  
ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы

Соңғы жылдары елімізде қалыптасқан күрделі саяси, қоғамдық-экономикалық өзгерістерге қатысты қылмысқа қарсы белсенді әрекет ету мәселесі алғашқы кезектегі мемлекеттік іс-шаралар тізімінде. Мемлекет азаматтардың жеке және мүліктік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндетін қанағаттанарлық түрде атқаруға тырысатыны сөзсіз. Алайда, қоғам құқық қорғау органдарынан ойларынан шығатын статистикалық мәліметтерді емес, айқын іс-әрекеттерді және солардың тиімді нәтижелерін күтуде. Бұндай сипаттағы бұрыннан туындаған талапты қолдану қылмыстардың әрбір түрімен күресу үдерісінде түбірлік өзгерістер жасауға бағытталған материалды-қаржылық, ғылыми-әдістемелік және басқа да жағдайлар жасауға деген мақсат пен жүйелі көзқарас арқылы қамтамасыз етілуі қажет.

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдары Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адамды, адамның өмірін және құқықтары мен бостандықтарын [1] сақтау барысында тергеу және жедел-іздістіру қызметін өзара іс-қимыл жасасып жүзеге асырады. Аталмыш үдерісте «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңымен белгіленген міндеттерді шешуде бас бостандығынан айыру орындарынан жасырынып немесе қылмыстық жазадан бой тасалап жүрген, сонымен қатар хабар-ошарсыз жоғалып кеткен тұлғаларды іздістіру [2] мәселесі маңызды орынға иелігі күмәнсіз.

Бұл ретте, қылмыстарды ашу мен тергеу үдерісінде тергеу органдары

мен криминалды полиция аппараттарының өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастыру нысандарының даму сатылары эволюциялық сипатты қамтиды. Жаңа нысандардың пайда болуы белгілі болған бұрынғыларын жоққа шығармайды, керісінше, олардың қатарына қосылып, ары қарай жетілдіре түседі.

Криминалды полиция аппараттарының және тергеу бөліністерінің қылмыстарды ашу және тергеу үдерісіндегі біріккен немесе келісілген қызметінде жаңа ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдарды қолдану мәселесі қажетті және толығымен заңды жағдай деп санаймыз. Өйткені оңтайлы тұрғыда ұйымдастырылған іс-қимылдар мен тактикалық операциялар жекеленіп жүзеге асқанына қарағанда, оларды бір қызметке неғұрлым біріктірген жағдайда тиімділік дәрежесі жоғарылай түседі және топ мүшелерінің күзиреті мен мүмкіндіктері артады.

Осылайша, ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашу мен тергеу барысында тергеушілердің, жедел қызметкерлердің, кейде басқа да мамандардың біріккен қызметінің неғұрлым көп тараған тиімді нысандарының бірі болып жедел-тергеу топтары табылады. Заманауи тұрғыда, жедел-тергеу топтары түсінігінің қашан пайда болғанын, оны жеке ғалымдар мен тәжірибелік қызметкерлер қалай түсінгенін анықтау талпынысы біршама қиындықтарға әкеліп соғады.

Ғалым И.Ф. Герасимовтың еңбектерін зерделей келе, ұқсас топтар ең алғашында аудандық, қалалық ішкі істер органдарының кезекші бөлімдерінде нақты қылмыстарды ашу мен тергеу мақсатында құрыла бастағанын байқауға болады. Қылмыстылықпен күресу мақсатында құрылған топтар «тергеу-жедел» немесе «жедел-тергеу» атауларынан басталған. Аталмыш еңбектерді түбегейлі саралай келсек, ғалымның қолданыла бастаған атаулардың мәнін, мақсатын және құрамын айқын көрсете білгені көрініс алады [3, 230-231].

✓Жоғарыда ұсынылып отырған өзара іс-қимыл жасасу нысанын тәжірибеге енгізу көптеген оңтайлы нәтижелерге жеткізді:

✓Әр түрлі саладағы өзара іс-қимыл жасасушы қызметкерлердің құрамы реттеле түсті.

✓Жедел-іздістіру іс-шаралары мен тергеу әрекеттерінің өзара келесілген жоспарларын бірігіп өңдеу мүмкіндігі пайда болды.

✓Әр түрлі жазбаша тапсырмаларды рәсімдеуге деген сапалы көзқарас қалыптасты.

✓Тергеуді топпен жүргізу әдісінің тиімді жақтары жоғары деңгейде қолданысқа енді.

Құқық қорғау органдарының әр түрлі қызметтері мен бөліністерінің талпыныстарын және мүмкіндіктерін қандай да міндеттерді бірігіп шешу мақсатында біріктіру толығымен заңды және тиімді жаратылыс екеніне тоқталып өткен В.А. Образцовтың да пікірін қуаттаймыз [4, 472]. В.Г. Сидоровтың ғылыми-теориялық тұрғыда негізделген пікірлері де аталмыш мағынада көрініс алады [5].

Жалпы қылмыстылықпен күрестің соңғы жылдар тәжірибесі қылмыстылықтың көптеген түрлерін ашу және тергеу үдерісіндегі жедел-тергеу топтарының тиімділігін, маңыздылығын және әмбебаптығын көрсете



білді. Жалпы және арнайы әдебиеттерде қылмыстылықпен күрестегі тергеу органдары мен криминалды полиция аппараттарының өзара іс-қимыл жасасуларының шартты нысандары жеткілікті жарық көрген, дәл осы себеппен біз оларға қайталай тоқталу қажеттілігі жоқ деген пікірдеміз.

Криминалды полиция аппараттарының жедел қызметкерлері мен тергеу бөліністерінің тергеушілерінің күнделікті қарапайым түрдегі өзара іс-қимыл жасасуына қарағанда, жедел-тергеу топтары қызметінің ұйымдастырылу деңгейі қайда жоғары деңгейге ие, өйткені алғашқысында ішкі істер органдарының қызметкерлері ұйымдастырылған тұрғыда бірікпей, әрқайсысы өзара өте сирек ақылдасып, жеке түрде әрекет етеді.

Жедел-тергеу топтары қызметінің ұйымдастырылуын талдауда біз жүйелілік-құрылымдық көзқарасқа сүйенеміз. Әр жүйенің жеке элементтері арасындағы өзара байланыс пен қарым-қатынас сипаты ұйымдастырушылық жүйенің құрылымын айқындай түседі. Бұл ретте, ұйымдастырушылық жүйелер өздерінің ішкі ұйымдастығымен ерекшеленетінін атай кеткен жөн.

Қарастырылып отырған топтардың құрылымына тіке және қайтарма байланыстар тән, осылардың арқасында жүйенің құрылымдық элементтері арасында өзара іс-қимыл орын алады. Беріктілік пен басқармашылықты ұйымдастырушылық жүйенің маңызды көрсеткіштерінің алдыңғы қатарына жатқызуға болады. Бұл ретте, В.В. Дружинин мен Д.С. Конторовтың аталмыш мәселеге қатысты ғылыми еңбегін қуаттаймыз [6].

Жедел-тергеу топтарының ішкі ұйымдастырылуы ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылым ретінде көрініс табады. Олардың ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымын қарастыру барысында оның элементтерін, олардың өзара байланысының мінезі мен тәсілін және құрылымының жалпы сипатын айқындау қажет. Себебі аталмыш мәселе жедел-тергеу топтарының мәні мен сипаттамасын түсінуде маңызды.

Айта кететін жайт, қарастырылудағы топтар қызметінің нәтижесі құрылу уақытына байланысты. Алайда, бұл мәселеге толық назар аударылмағандықтан, қылмысты тергеудің алғашқы кезеңінде ішінара қателіктер жіберіліп қана қоймай, заттық дәлелдемелер мен басқа да қылмыстық іздер жоғалып отырады.

Жедел-тергеу топтарының жетекшісі болып қылмыстық істі өз өндірісіне алған тергеуші саналады. Сауалнама жүргізілген 124 тергеушінің 89 пайызы жедел-тергеу топтарының жетекшісі ретінде тек қана тергеушіні ұсынады, 9,8 пайызы – қылмыстың нақты түрін ашуды ұйымдастыруда маңызды өтілі бар кез келген қызметкер бола алады деген көзқараста, 0,8 пайызы лауазымы бойынша жоғары қызметкерді ұсынды, ал қалған 0,4 пайызы басқа да лауазымды тұлғалар туралы пікірлерін білдіріп өтті. Жедел қызметкерлердің де көпшілігі осындай пікірді ұстанады. Біз сауалнама жүргізген 157 жедел қызметкердің 82 пайызы жедел-тергеу топтарының жетекшісі тек қана тергеуші болғанын қалайды, 16 пайызы қылмыстың нақты түрін ашуды ұйымдастыруда маңызды өтілі бар кез келген қызметкер бола алады деген пікірлерін білдірді, 1,8 пайызы лауазымы жоғары қызметкерді ұсынды, ал қалған 0,2 пайызы басқа көзқарасты ұстанады.

Топ мүшелерін таңдауда топ жетекшісінің көзқарасына көңіл бөлген

жөн, тіпті кей жағдайларда аталмыш таңдау құқығын олардың өздеріне берген жөн.

Жедел-тергеу топтарының құрамына бөлімшелердің бастықтарын қосу тиімсіз деп санаймыз, себебі соңғылары нақты жұмыспен айналыспай, топ мүшелерін өз міндеттерінен алыстатуы мүмкін. Сондай-ақ, топ құрамы жағынан өте көлемді болса, ұйымдастыру-басқару мәселелері қиындай түседі.

Осылайша, жедел-тергеу топтарының ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымында басқарушы мен басқарылушы деген жүйелерді бөліп қарастыруға болады. Осыған байланысты «әр құрылымдық бөлімшенің өзінің негізгі жұмысын орындаудағы рөлін анықтап, жеке қызметкерлердің аталмыш жүйенің іші-сыртындағы байланыстарының сипатына ерекше көңіл бөле білуі қажет», - деген әділ пікірді қуаттай түсеміз [7, 193].

Ғалым А.Н. Балашов та қылмыстылықпен күресу барысында жедел-тергеу топтары мүшелерінің арасындағы өзара ақпарат алмасу үдерісіне және бұның осы қызметті атқаруда маңызды орын алатынына тоқталып өткен. Аталмыш ғалымның пікірі бойынша, жедел қызметкерлердің ғана емес, тергеушілердің де жедел-ізвестіру ақпараттарымен бірге барлық дәлелдемелерді бір уақытта толық талдауы, бағалауы және меңгеруі мүмкін емес [8, 85]. Бұл тұжырым да біздің пікірімізбен ұштасады.

Қарастырылудағы өзекті мәселені зерделеу барысындағы сауалнамалардың нәтижесінде тергеушілердің 80,2 пайызы және жедел қызметкерлердің 81 пайызы жедел-тергеу топтарының басшысының қызметін тергеуші атқаратын біртұтас құрылымды жақтайды.

Жедел-тергеу топтары екі жеке топтан (тергеу тобы – басшысы тергеуші, жедел топ – басшысы жедел қызметкер) құралғанын тергеушілердің 13,4 пайызы мен жедел қызметкерлердің 18,7 пайызы тиімдірек деп есептейді. Ал тергеушілердің 6,4 пайызы мен жедел қызметкерлердің 0,3 пайызының пікірлері бойынша, жедел-тергеу тобын екі топқа бөлген бұрыс, олар мұны жедел-тергеу топтарының «аралас» қағида бойынша бірігетінін және оның мүшелерінің қызметін бұл екі топқа сәйкес ұйымдастыру барысында туындайтын қиындықтармен түсіндіреді.

Айта кететін жайт, күрделі қылмыстарға қатысты қылмыстық істерді тергеу тек қана мол тәжірибелі тергеушілердің қолынан келеді деп ойлағанмен, жедел-тергеу топтарына оқиға болған жерге шыққан жас тергеушілер мен сол жерде алғашқы мәліметтерді жинаған үлкен өтілсіз жедел уәкілдерді қосу да оңтайлы нәтижелер беруі мүмкін.

Қылмыстардың тез ашылуы мен толық тергелуіне маңызды түрде әсер ететін мәселе жедел-тергеу топтарының басшысымен тергеудің жалпы жоспарының дұрыс та толық құрылуы болып табылады. Жеке тергеу әрекеттері мен жедел-ізвестіру іс-шараларына келсек, олар нақты орындаушылардан – тергеушілерден немесе криминалды полиция аппараттарының жедел қызметкерлерінен құрылғаны тиімді деп санаймыз. Ал жедел-ізвестіру іс-шаралары мен тергеу әрекеттерін келісіп жоспарлау олардың кезекпен жүзеге асырылуын, топ мүшелерінің жалпы жұмысының бір реттілігін, берілген тапсырмалардың өз уақытылы және тиімді орындалуын қадағалауды, сондай-ақ басқа да өзекті мәселелерді оңтайлы шешуге жол

ашады.

Аталмыш жоспар жедел-тергеу топтарының барлық мүшелері қызметін тиімді ұйымдастырып қана қоймай, олардың болашақ қызметінің үлгісі ретінде қалыптасады да, ортақ міндеттерді мақсатына сай атқаруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ топ басшысы мен оның мүшелерін жеке бөліктерге әрдайым көңіл бөліп отыру және әрқашан көптеген жағдаяттар мен ұсақ мән-жайларды есте ұстау қажеттілігінен арылтады. Тергеудің барлық кезеңін қадағалауға және оның нәтижелерін болжауға жол ашады. Қойылған мақсаттарға жетудің неғұрлым тиімді тәсілдері мен алдағы қызмет үдерісін құрастырып алып, жедел-тергеу топтарының жетекшісі қолда бар күштерді, құралдар мен уақытты тиімді қолдануға тырысуы қажет, ал қажетті жағдайларда, уақытылы қосымша көмек сұрауға міндетті болып келеді.

Жедел-тергеу топтарының жетекшісі болып табылатын тергеушіге көп назар аудару қажет деп санаймыз. Себебі басшы, өз кезегінде, жақсы маман, жоғары деңгейдегі ұйымдастырушы бола білуі тиіс. Сондай-ақ қылмыстық істі өз өндірісіне алған тергеуші ғана топтың басшысы болып тағайындалады да, тергеушілер мен жедел қызметкерлердің жұмыстарының ұйымдастырылуында негізгі рөл атқарады, қиын да жауапты іс-шараларды жүргізуді жоспарлайды, олардың нәтижелілігін қатаң бақылайды. Тек қана жедел-тергеу тобының жетекшісі болып тағайындалған тергеушінің жоғары деңгейдегі шеберлігі мен тәжірибелілігінің арқасында пайда болған күрделі жағдайлар шешіліп, топ ішіндегі шиеленістер уақытылы талданып, оларға қарсы тиімді іс-шаралар қабылданып отыруы мүмкін.

Осылайша, жедел-тергеу топтарының жетекшісі ұйымдастырушылық-басқарушылық қабілетке ие болып қана қоймай, тергеу және жедел жұмыстың аспектілерін білуге, оларды тәжірибеде тиімді қолдана білуге тиіс.

Аталмыш тергеуші жедел-тергеу тобын құрайтын қызметкерлермен жұмыс істей білуі қажет, басқа адамдардың ой-пікірлерін ескере білуі тиіс. Жедел-тергеу тобы жұмысының бастапқы кезеңінде мүмкіндігінше басқа тергеу жұмыстарынан босатылуы керек, себебі оның ұйымдастырушылық-басқарушылық міндеттері мол: тергеу жоспарын құру; топ мүшелерін объектілер бойынша орналастыру, олардың қызметін реттеу; топ мүшелерінің қызметін өзара сенім мен қалыпты ақпарат алмасу негізінде ұйымдастыру.

Жедел-тергеу тобының басшысы аталған маңызды мәселелерге жеткілікті түрде көңіл бөле білмесе, топ ішінде топтың жалпы жұмысының тиімділік деңгейіне кері әсерін тигізетін қарама-қайшылықтар туындайды.

Жедел-тергеу топтарының жетекшісі мен мүшелерінің қызметі ішкі қарама-қайшылықтарды жеңуден былай, алдындағы негізгі мақсаты – жасалған қылмысты немесе қылмыстарды тез арада және толық ашуға бағытталады. Аталмыш қызмет барысында жедел-тергеу топтарының тергеу үдерісі алғашқы, келесі, қорытынды деп шартты тұрғыда бөлінген үш кезеңнен өтеді.

Қылмыстарды тергеу үдерісінің алғашқы кезеңінде, әсіресе күрделі жағдайлар туындағанда, жедел-тергеу топтарының қызметі барлаулы-іздеу бағытына ие, сондықтан топ құрамын ұлғайту қажеттілігі жиі кездеседі. Мысалы, белгісіздік жағдайда жасалған адам өлтіру қылмыстары туралы

қылмыстық істер бойынша жедел-тергеу топтарының кешенді іздеу жұмыстарының нәтижесінде әр қилы қылмыстарды жасаған тұлғалар және қылмыстық топтар анықталады. Аталмыш жағдайларда топ құрамына олардың қылмыстық іс-әрекеттерінің өзіне қатыстыларын тергеушінің Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің тергеушілерін қосу тиімді нәтижелер беруі мүмкін.

Жоғарыда аталған келесі және қорытынды кезеңдерде жедел-тергеу топтарын өз қалпында қалдырған жөн, себебі бұл кезеңдер негізінен бірқалыпты ашық және әдістемелік дәлелдеуге бағытталады.

Тергеудің кез келген сатысында жедел-тергеу топтарының негізгі құрамына қосымша күштерді қосу қажеттілігі туындауы мүмкін. Әсіресе бұндай жағдайлар топтың ұзақ уақыт бойғы ашылмаған қылмыс бойынша қызметінде қалыптасып отырады. Қалыптасқан күрделі жағдайда жедел-тергеу тобының жетекшісінің қалыптасқан жағдайды қылмыстық іс бойынша келіп түскен ақпараттарды ең алғашқыларынан бастап және құрылған барлық болжамдарды жан-жақты зерттеу арқылы талдау жасағаны тиімді. Осыдан кейін ғана кейін келіп түскен жаңа мәліметтерді бағалап, болжамдарды тексеру жоспарларының орындалу барысын талқылауға болады. Қылмыстық іс бойынша туындаған кез келген күмәннің, карама-қайшылықтың және басқа да тактикалық қателіктердің өз уақытылы анықталып және жойылып отырғаны, сондай-ақ топ мүшелерінің кез келген ұсыныстары міндетті түрде қарастырылып тұруы қажет.

Бұл ретте жедел-тергеу топтарының тергеу және жедел-іздістіру күш-құралдарын толық қолдану немесе қосымша күштерді қатыстыру қажеттілігі туындайды. Нәтижесінде қажетті үдеріс жаңа ақпараттар алуға, тиімді болжамдар құруға және ақпаратты-тактикалық тығылықтан шығуға әкеледі.

Осылайша, жедел-тергеу топтарының ұйымдастыру-басқарушылық құрылымдары нақты құрылымдық қағидалардың негізінде құрылатынын ескере отырып, бүгінгіге дейін көрініс алып үлгерген құрылымдарды талдап отелік.

Ұйымдастыру-басқарушылық құрылымдардың бір түрі желілік құрылым – қызметтік тізбектерді жоғарыдан төмен қарай жинайтын тік жүйе. Бұл ретте, әрбір құрылымдық топ жоғары және төмен орналасқан екі топтың арасында орналасады, осы әрбір топты бір лауазымды тұлға басқарып отырады. Келіп түскен және барлық ұйымдастырушылық ақпарат жоғарыдан төмен және төменнен жоғары ығысады. Алайда, заманауи тұрғыда аталмыш тұрғыда құрылатын жедел-тергеу топтарының тиімсіздігі көрініс алып үлгерді.

Ұйымдастырылуы мен басқарылуы жеңіл кішігірім жедел-тергеу топтарын құру үшін функционалдық құрылымды таңдаған жөн. Бұл топтарда қойылған нақты бір міндетті шешуге мүмкіндігі бар басқару орталығы болады. Функционалдық құрылымдағы жедел-тергеу тобы кейбір жеке міндеттерді шешу үшін құрылуы мүмкін: оқиға болған жерді қарау, болжамды өндеу, қылмыскерді ұстау. Қарастырылып отырған ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдағы жедел-тергеу топтары жеделдіктің жоғары дәрежесіне ие. Себебі онда орталық бөлік жоқ, жетекшісі тек жедел-тергеу топтары мүшелерінің іс-қимылын реттейді, қажетті ақпаратты дереу жинайды

да, оны орындаушыларға жеткізеді және шешімдерді де жедел қабылдайды. Сондай-ақ жедел-тергеу тобының ішінде функционалдық қағидамен еңбекті бөлісу, уақыт, мүмкіндік пен күштерді тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Жедел-тергеу топтарының желілік-функционалдық құрылымына токталсақ, топ басшысы топ мүшелерінің жұмысын ұйымдастырылған топшалардың басшылары арқылы реттейді. Аталмыш «орталық бөлік» болған себептен, бұл құрылымның жеделдігі төмен болып келеді. Қарастырылудағы желілік-функционалдық құрылым бойынша жедел-тергеу топтары қылмыстарды ашу және тергеуге арналып құрылады. Жедел-тергеу тобының басшысы тергеуші болып табылады да, жедел қызметке байланысты сұрақтарды жедел топ басшысының көмегімен реттейді.

Біздің пікірімізше, аталмыш аралас ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдардың түрлерін – желілік-штабтық және желілік-функционалдық құрылымдарды бағдарламалық-мақсаттық құрылымдармен толықтыру мақсатына сай. Бұл ретте, жедел-тергеу топтарының жұмыс нәтижесі оның ұйымдастырушылық және қызметтік бірлігінің деңгейіне маңызды түрде әсер ететінін айта кеткен жөн. Топтың тек біріккен ұжым ретінде қалыптасқан кезінде ғана бұл мақсатқа жетуге болады. Тек осы жағдайда ғана топ ішінде бірігіп қызмет ету, өз қызметін өзі ұйымдастыруға талпыну, өзіндік жетілдірілу, өзара жауаптылық, өзара алмастыру сияқты өзекті қабілеттер көрініс алады.

Сонымен, аталмыш мақалада зерттеліп отырған жедел-тергеу топтарының ішінде қылмыстарды ашу мен тергеу барысын тиімді жүзеге асырудың бірден бір нысаны ретінде тәжірибеде маңызды да тиімді болып қалыптасуы тиіс деген уәждерге негізделі ұсынылған бағдарламалық-мақсаттық басқарумен толықтырылған аралас ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылым тиімді нәтижелерге жеткізеді деген пікірдеміз. Оны толығырақ қарастыралық.

Жедел-тергеу топтарының қызметін бағдарламалық-мақсаттық тұрғыда толықтыру мақсаты қылмыстарды ашу мен тергеу жұмысын толық та тиімді өңдеу мен жүзеге асыруға ғана жол ашып қоймай, жалпы ақпараттық базада құрылған болжау, жоспарлау, ұйымдастыру мен бақылаудан тұратын реттелген үдеріс ретінде көрініс алады. Қарастырылып отырған тұрғыда құрылған жедел-тергеу топтарының негізгі ерекшелігі орындаушылар деңгейінде ортақ қызметтің бір-біріне бағынусыз-ақ реттелуі және олардың арасындағы көлденең байланыстардың мұқият ұйымдастырылуы болып табылады. Зерттелудегі жедел-тергеу топтарының аталмыш айрықша белгісі ретінде олардың ішіндегі психологиялық жағдайды оңтайлы деңгейде қалыптастырып, тіпті жеңілдетіп отыратынын айтуға болады.

Топ мүшелерінің бірігіп қызмет ету барысында туындаған психологиялық қиындықтар ұжымның жалпы жұмысының нәтижесіне әсер етуі мүмкін екені белгілі. Мысалы, жедел-тергеу топтарындағы қарым-қатынастардың сипаты мен оған кіретін тұлғалардың психологиялық сәйкестігі, жалпы қызметпен тікелей байланысты болмаса да, оның нәтижелілігіне жанама түрде әсер етеді.

Бағдарламалық-мақсаттық басқарылатын аралас ұйымдастырушылық-

басқарушылық құрылымның ішкі жұмысын ұйымдастыру аспектілеріне тоқталатын болсақ, бұл жедел-тергеу топтарының жетекшісі мен жедел топ басшысы шектеуді бағынушылықта болса да, тікелей басқару байланысы орнығады. Орындаушылар арасындағы байланысқа келсек, топ ішінде қандай болса, топтар арасында да сондай тиімді ақпарат алмасу үдерісі көрініс алады.

Аталмыш құрылымның басқа да ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдардан ерекшеліктерін сараласақ, оның ішіндегі тергеу әрекеттері мен жедел-іздігі іс-шараларын келісіп жоспарлау үдерісі топ мүшелерінің тиімді іс-әрекеттеріне әсер етеді, олардың жұмысын ұйымдастыруды қамтамасыз етеді, процесуалды құралдар мен жедел-іздігі шараларының мүмкіндіктерін неғұрлым толық және нәтижелі қолдануға жол ашады, атқарылған жұмыстың қайталанбауын және жедел-тергеу тобының тарап кетпеуін қамтамасыз етеді. Бұл ретте, аталмыш құрылымдағы жедел-тергеу топтарының ішкі құрамдық бөліктерінің бірқалыптылығын сақтауға, оның біртұтас құрылымын жетілдіруге және жоғары ұйымдастырушылық-басқарушылық деңгейдің пайда болуына оны құру барысындағы сандық және сапалық таңдау әсер етеді.

Десек те, жедел-тергеу топтарының сандық құрамы әр қилы болуы мүмкін, сондықтан алдағы міндеттердің ерекшеліктерін ескере отырып, жұмысты қажетті деңгейде атқаратын топтарды құруға талпыныс жасаған жөн. Осы мақсатта тергеушілер мен жедел қызметкерлердің сандық-сапалық құрамы тергеудегі қылмыстық істің сипатына, алдағы іс-жүргізудегі өзекті мәселелердің және жедел-іздігі қызметінің көлеміне байланысты өзгерістерге ұшырап отырады. Дегенмен, сандық құрамы бойынша аса үлкен топтарды құру олардың тәсілдік жылдамдығын баяулатып, бақылау мен басқаруды қиындататып, алынатын нәтижелерге тиімсіз сипат беруі мүмкін.

Қорытындылай келе, қандай да болсын жедел-тергеу топтарының ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымын жетілдіру мақсатында олардың құрамын әрдайым қызмет етуші бөлігімен қамтамасыз етуге тырысу қажет. Себебі бұл ретте, жедел-тергеу тобының қызмет ету барысында туындайтын жағдайлардың өзгерісіне байланысты топтың жалпы сандық және сапалық құрамын ұлғайтуға не кемітуге мүмкіндік ашылады. Ал әрдайым қызмет етуші бөлігі болса, бастапқы кезеңнен бастып келіп түскен барлық маңызды ақпаратқа толық ие болып отырады да, жедел-тергеу тобының қызметін ары қарай негізгі иесіз қоспаға сай атқаруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, аталмыш бөліктегі қызметкерлерді алмастыруға тек шектеулі жағдайларда ғана жол беру қажет, себебі бұндай жағдайда жалпы жедел-тергеу тобының ішіндегі өзара іс-қимыл жасасу үдерісі ақсай түседі, сыртқы байланыстардың сапасы төмендейді, ең маңыздысы, келіп түскен, бірақ ортақ талқылауға салынбаған, тіркелмеген және қорытындыланбаған мәліметтерден айрылып қалуға болады.

Осылайша, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының жедел-тергеу топтарының ұйымдастырушылық және басқарушылық аспектілерін түбегейлі зерделеу үдерісі заманауи қылмыстылықпен күресудің жалпы үлгілерін құруға, олардың ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымдарының әр қилы жобаларын ұсынуға жол ашады. Бүгінгі күнде

олардың неғұрлым сапалы да тиімді ұйымдастырушылық-басқарушылық құрылымын құру мәселесі ғана емес, қылмыстарды ашу мен тергеудің нақты кезеңіндегі әр қилы ұйымдастырушылық және басқарушылық сипаттағы қиындықтарды шешу мәселесі өзекті болып отыр.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - 1995. -30 тамыз.
2. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199-V «Ішкі істер органдары туралы» Заңы.
3. Герасимов И.Ф. Взаимодействие органов предварительного следствия и дознания при расследовании особо опасных преступлений: дис. ...канд. юрид. наук. – Свердловск, 1966.
4. Образцов В.А. Выявление и изобличение преступника. – Москва: Юристь, 1997.
5. Сидоров В.Е. Начальный этап расследования: организация, взаимодействие, тактика / Отв. ред.: Белкин Р.С. – Москва: Рос. право, 1992.
6. Дружинин В.В., Конторов Д.С. Идея, алгоритм, решение (Принятие решений и автоматизация). – Москва: Воениздат, 1972.
7. Системный анализ и структура управления / под ред. В.Г. Шорина. – Москва: Знание, 1975.
8. Балашов А.Н. Взаимодействие следователей и органов дознания при расследовании преступлений. – Москва: Юридическая литература, 1979.

### **ЕУРОПАНЫҢ ДАМЫҒАН ЕЛДЕРІНДЕ ҚОЛДАНЫЛЫП ЖАТҚАН ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ДИНАМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ: ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЕҢГІЗУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**Мұхамеджанов Е.О.,**

ЖІҚ кафедрасының бастығы, философия докторы (PhD),

полиция подполковнигі

ҚР ІІМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Ауыр және аса ауыр қылмыстары үшін сотталғандардың түрме контингентінің үлкен үлес салмағы, сондай-ақ экстремистік идеологияны ұстанушылар қатарынан қамаудағылар санының өсуі, оның ішінде қақтығыс аймақтарында жауынгерлік тәжірибесі бар адамдар қауіпсіздік қатерін ерте тану мәселесін өзектендіреді.

Бұл ретте қамаудағылармен жұмыс істеудің ең төменгі стандартты ережелерін сақтау мәселесі стратегиялық маңызды болып табылады [1]. Қарастырылып отырған мәселені шешудің бір нұсқасы дамыған Еуропа елдерінде енгізіліп жатқан динамикалық қауіпсіздік тұжырымдамасын қарызға алу болуы мүмкін.

Динамикалық қауіпсіздік (dynamic security) термині 1985 жылы Ұлыбританиядағы түрмелердегі XX ғасырдың 70-80-ші жылдарындағы жаппай толқулардың нәтижесінде, Ұлыбританияның түрме әкімшілігінің

бұрынғы директоры Ян Дунбармен енгізілген болатын, ол бағынышты қызметтің жұмысына прогрессивті идеяларды енгізу арқылы өте танымал болды. Оның көзқарасы бойынша, динамикалық қауіпсіздік «қарым-қатынас пен индивидуализмді жоспарланған (және пайдалы) іс-әрекетте біріктіруді білдіреді, егер мекемеде қауіпсіздіктің максималды және минималды деңгейлері болса, нәтиже түрмедегі тәртіп икемді және жақсы жағдайда болады». Негізгі назар қызметкерлерге және сотталғандарға жеке тұлға ретінде қарауға, сонымен қатар «персонал-сотталған» әділ және сыпайы қарым-қатынасқа бағытталуы керек.

Бұл физикалық немесе процедуралық шектеу емес. Сотталғандармен қарым-қатынасты дамыту, олардың пайдалы нәрсенен айналысуына жағдай жасау, сенімді және тиімді қарым-қатынас орнату. Аталған іс-шаралардың нәтижесінде түзеу мекемесінің ішінде «не болып жатқанын білу», яғни, жедел жағдайды бақылау [2, б. 233-234]. Іс жүзінде бұл қамаудағылардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретін барлық мәселелері туралы өздері айтып беруіне әкеледі және де қызметкерлердің мекемеде пайда болған ақауларды уақытылы сезінуге жол береді.

Еуропалық сарапшылардың ұстанымдарын талдай отырып, «динамикалық қауіпсіздік» ұғымының көлемі сотталушымен оның мінез-құлқы бағытын және психологиялық, моральдық-этикалық көзқарастарын өзгертуге бағытталған сенімді қатынастарды құру және қолдау болып табылатындығы, сондай-ақ мекеменің барлық қызмет түрлерін қамтитындығы туралы шешімге келуге болады.

Осылайша, динамикалық қауіпсіздік - бұл кәсіби этикаға негізделген қамаудағылармен күнделікті қарым-қатынас пен өзара әрекеттесуді сақтау басымдыққа ие жұмыс тұжырымдамасы мен әдістері.

Бұл тұжырымдаманың мақсаты сотталушыны түсіну және оның мінез-құлқының ықтимал тәуекелдерін бағалау, сондай-ақ қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету, оналтуға ықпал ету және оны босатуға дайындау.

Пенитенциарлық мекемедегі қауіпсіздікті кең мағынада түсіну керек екенін атап өткен жөн.

Белгілі динамикалық қауіпсіздік идеологтары мен теоретиктері қауіпсіздіктің бұл түрін терең зерттеп, оны басқа қауіпсіздік түрлерімен байланыстырды.

Олар негізінен қауіпсіздіктің келесі түрлерін қарастырады:

а) қозғалысты басқаруға және сотталғандардың қашып кетуіне жол бермеуге арналған қоршаған ортаның барлық элементтерін қамтитын физикалық (архитектура және қабырғалар, қоршаулар, арықтар, түрмелердің периметрі бойынша патрульдік жолақтар, бақылау-өткізу пункттері, құлыптар, торлар);

б) тінту, телефон арқылы сөйлесу мониторингі, есірткіні қолдануға тестілеуді қоса алғанда, қамаудағыларды бақылауды күшейтуге бағытталған шаралардың кең тізбесінен тұратын рәсімдік;

в) қауіпсіздікке қатерді ерте диагностикалау үшін қажетті ақпарат жинауды көздейтін динамикалық, оның негізінде персоналдың қырағылығы.

Посткеңестік кеңестікте украиналық сарапшы И. Яковец динамикалық



қауіпсіздікті сотталушымен оң қарым-қатынасты дамытуға, олардың жұмыспен қамтылуына, олармен сенімді қарым-қатынас орнатуға және тиімді қарым-қатынасқа негізделген бас бостандығынан айыру түріндегі қылмыстық жазаны орындау процесін ұйымдастыру тәсілі ретінде анықтайды. Сотталғандарды ұстау орнында болып жатқан процестер туралы персоналдың хабардар болуына әкеледі.

Оның ойынша, динамикалық қауіпсіздікті іске асырудың нәтижесінде қызметкерлер мен сотталғандар арасындағы оң қарым-қатынас, байланыс және өзара әрекеттесу, тиісті ақпаратты жинаудағы кәсібилік, түзеу мекемесіндегі әлеуметтік климатты түсіну және жақсарту, беріктік пен адалдық, сотталушының жеке жағдайын қабылдау, оң қарым-қатынас және ақпарат алмасу жүзеге асырылады. [3, 180-187 ББ].

И. Яковец батыстық теоретиктер осындай қолайлы қатынастардың мүмкін болатын шектерін қарастырғанын дұрыс айтады. Сондықтан персонал мүшелері "Достық, бірақ дос емес" болуы керек, өйткені керісінше жағдайда олардың "қызметтік емес қатынастарға" ауысу қауіпі бар. Бұл көбінесе бұрмаланған түрде түсіндіріледі және қарым-қатынастың минимумын қолдау қажеттілігі ретінде қабылданады. И. Яковецтің пікірінше, бұл біздің мекемелерде динамикалық қауіпсіздікті орнатуға кедергі болып табылады.

Оның пікірінше, қарастырылып отырған тұжырымдаманы түсінбеу дәретханалар мен душтарда бейнекамералар орнату арқылы «үздіксіз бейнебақылау» жүйесі шеңберінде барынша физикалық және рәсімдік қауіпсіздікті белгілеу ұсыныстарымен расталады.

Айта кету керек, барлық зерттеушілер мұндай мазмұнды аталған тұжырымдамаға салмайды. Аталған мәселе бойынша зерттелген дереккөздер динамикалық қауіпсіздікті анықтауға басқаша көзқарасты көрсетеді.

Атап айтқанда, қауіпсіздіктің осы «түрінің» негізгі антагонисті статикалық қауіпсіздік деп аталады. Яғни, құқықтық тәртіпті сақтау үшін материалдық-техникалық алғышарттар жасайтын қауіпсіздік. Бұл бейнебақылау камералары, посттар, жарықтандыру құрылғылары, қоршаулар, есіктерді ашу/құлыптау режимі, күнделікті жұмыс, тексерулер, қоңырау шалу және т.б. Бұл қауіпсіздік құралдарының жиынтығы кез-келген жазаны орындау мекемесінде бар және Еуропа елдерінде сотталушымен жұмыс құралы ретінде қарастырылмайды. И. Яковецтың ойынша, құлыптардың сенімділігіне қарай тұзету процесі бағалау, бұл есіктерінде қандай құлып ілулі тұрғанына қарап, иелердің қонақжайлылығы туралы қорытынды жасау сияқты.

Қылмыстық-атқару қызметіне динамикалық қауіпсіздік идеясының енуіне қарамастан, пенитенциарлық ғылым мен практика оны қабылдауда айтарлықтай инерцияны көрсетеді. Белгілі украин ғалымы Т.А. Денисова пенитенциарлық қызметтің әрбір қызметкерінің бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың пенитенциарлық (түрме) субмәдениетінің теріс көріністерінен мемлекетті, қоғамды және адамды сенімді қорғауды қамтамасыз ете алу үшін олардың практикалық тәжірибесі, адамгершілігі мен адалдығы, әділдігі мен сенімі болуы туралы императивті талапты практикалық іске асыруды қамтамасыз ету қажет екенін атап өтіп, қоғамның жекелеген әлеуметтік топтары мен қабаттарын одан әрі криминализациялауды

тоқтатуға ықпал етті [4].

Қарастырылып отырған тұжырымдаманы басқаша түсінудің мысалы ретінде Қырғыз Республикасының пенитенциарлық мекемелерінде қауіпсіздік жүйесін қамтамасыз ету негіздерін талдау болады. Бұл құжатта процедуралық және физикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары өте маңызды болғанымен де, динамикалық (жедел) қауіпсіздіксіз пенитенциарлық мекеменің жалпы қауіпсіздігі тиісті түрде қамтамасыз етілмейтіндігі атап өтілген, өйткені мекеменің қауіпсіздігі сотталғандармен қарым-қатынасқа түсу арқылы ақпаратқа ие болу арқылы жедел қызметкерлердің шұғыл жұмысымен тығыз байланысты. Қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бұл түрі мекемелерді күзету жөніндегі статикалық шараларға қарағанда анағұрлым сапалы сипатқа ие. Қамаудағылармен үнемі өзара әрекеттесу кезінде жедел қызметкер мекемедегі ағымдағы жағдайды қадағалап, қауіпсіздікке нақты қауіп төндіретін әрекеттер туралы ақпаратты жинап, талдауы керек. Қызметкерлердің сотталғандармен қарым-қатынасын осындай түрде ұйымдастыру, мекемедегі қашу мен басқа да төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Динамикалық (жедел) қауіпсіздіктің артықшылығы бұл алдын ала немесе алдын алу сипатында, өйткені ол қауіпсіздікке төнетін қатерлерді алғашқы белгілерінен бастап анықтауға мүмкіндік береді [5].

Ресейлік зерттеуші А.А. Павленконың ұстанымы ұқсас, ол сотталғандармен қарым-қатынастың халықаралық стандарттарын талдау негізінде қауіпсіздіктің қарастырылған физикалық, процедуралық және динамикалық түрлерін режимдік қауіпсіздіктің құрамдас бөлігі ретінде анықтайды. Бұл ретте А.А. Павленко режимдік қауіпсіздіктің динамикалық құрамдас бөлігін қамаудағылармен өзара іс-қимыл жасайтын, түрмеде не болып жатқанын білетін және қауіпсіздікке төнетін, қатерді ерте сатысында танитын қызметкерлердің қырағылығы ретінде айқындайды [6, б. 10-15].

Жоғарыда аталған ұстанымдарды қалыптастыруға шетелдік сарапшылардың қауіпсіздіктің динамикалық құрамдас бөлігі пенитенциарлық жүйенің физикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін ресурстық шектеулерде маңызды рөл атқаруы мүмкін деген ұстанымы ықпал етті [7], бұл Қазақстан мен посткеңестік елдердің көпшілігі үшін өзекті.

Дәл осы тезис еуропалық түрмелерде жасырын жұмыстың болуын растайды, оны шетелдік құқық қорғау ұйымдары шақырған сарапшылар жоққа шығарады. Бұл тұжырымның қателігі біздің К.И. Юдаковпен "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару жүйесінің жедел қызметінің ұйымдық-құқықтық даму перспективалары" мақаласында егжей-тегжейлі қарастырылған [8, б. 4-14].

Сонымен бірге, біз көптеген сарапшылардың қылмыстық жазалардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерді әдістемелік қабылдаудың және оларды орындау жөніндегі қызметтің жоғарыда келтірілген авторлық позицияларындағы бұрмалану туралы ұстанымымен келісуге болады деп санаймыз. Аталған тезистер жазаны орындаудың негізгі міндеті, жазаны орындау мекемесінде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтар жасалмайтын жағдайлар жасау болып табылатынын растайды. Бұл ретте, сотталған/босатылған адамның жағдайы маңызды емес.

Қоғамда және адамдардың санасында жүретін процестер іс жүзінде қылмыстық-атқару қызметінің алдында тұрған мақсаттар саласындағы «революцияға», керісінше әлеуметтік қатынастардың даму логикасына әкеледі. Жазаларды орындаудың қолданыстағы жүйесі біртіндеп өзін-өзі жоққа шығаруға келді және қолайсыз болады.

Динамикалық қауіпсіздік мәселесіне оралсақ, әр ел осы қызмет түрін оған қол жетімді мазмұнмен толтыратынын көрсету қажет. Мысалы, Швецияның қылмыстық-атқару қызметінің қауіпсіздік бөлімінің директоры Пер Вестберг сотталғандармен жұмыс істеудің көп бөлігі осы адамдар туралы ақпарат жинау туралы екенін түсіндіреді. Ол былай дейді: «Біз олардың қылмыстық өткеніне, үкімдеріне қарап отырмыз, олар не үшін сотталды. Біз басқа мемлекеттік құрылымдармен ақпарат алмасамыз. Бұл радикализмнің бізге келгеннен бергі дәрежесін анықтау туралы. Біз үшін бұл қауіпсіздіктің басты мәселесі. Тағы бір нәрсе: бұл адамдар қылмыстық әлем мен қылмыстық өмір салтын бұзуы үшін біз жүргізетін білім беру бағдарламалары». Швеция түрмелеріндегі тұтқындар деп аталатын клиенттермен жұмыс істеудің негізгі элементі, Пер Вестбергің айтуынша, олармен қызметкерлердің өте тығыз байланысы. «Біз адамның мінез-құлқында, өзін қалай ұстауында, сөйлесуінде болып жатқан өзгерістерді көре аламыз. Бұл жүйе «динамикалық қауіпсіздік» деп аталады және клиенттермен өте тығыз жұмыс істеуді білдіреді. Қызметкерлер күн сайын бөлімшелерде клиенттермен сөйлесіп, мүмкін болатын өзгерістерді түсінеді [9]. Алайда, мұнда да қауіпсіздік категориясы арқылы қызметтің бұл түрін анықтайтынына назар аудару керек. Бұл процестің басымдығын емес, нәтижені баса көрсетеді.

Бірақ, осы "динамикалық" қауіпсіздікті қалыптастыру тәсілдерінің белгісіздігіне қарамастан, біз сотталғанмен өзара әрекеттесудің негізгі он тәсілдерін көрсетуге тырысамыз:

- өзара әрекеттесудің психологиялық және психологиялық-терапиялық әдістері (ойындар, әңгімелер, тесттер, сессиялар, семинарлар);
- сотталғанмен достық қарым-қатынасты қалыптастыру. Өзара іс-қимылдың бұл түрінде қызметтің мүдделеріне зиян келтіретін қызмет қауіпі бар, бірақ тек статикалық қауіпсіздік әдістерін қолданған кезде де осындай шығындар бар (сотталғандар заңсыз әрекеттер жасау үшін қызметкерлермен бейресми қатынастар мен байланыстар қалыптастыратын жағдайлар және т.б.);
- ойын, спорт, діни және бос уақыт іс-шаралары. Олардың негізгі мақсаты - сотталғанды «ашу», оның бейресми мүдделері мен ұмтылыстарын анықтау, сонымен қатар тұлғаның психоэмоционалдық жағдайдың тыныш және еркін күйлеріндегі салаларын анықтау. Мақсат: сотталғанды басқа (қылмыстық емес) әрекеттер мен әрекеттерге «ауыстыру».

Жоғарыда келтірілген тізімді қарастыра отырып, сотталғандар мен пенитенциарлық қызмет қызметкерлері арасында ыңғайлы, сенімді қарым-қатынас орнату үшін пайдаланылатын құралдар көптеген елдерде ұқсас деп қорытынды жасауға болады. Алайда, бірдей құралдармен әр түрлі елдердегі пенитенциарлық қызметтердің әсері әр түрлі болатындығы айқын. Ең алдымен, сотталғанмен тепе - теңдік жұмысының негізгі ережесі бұзылған

әкімшілік мәжбүрлеуге аса назар аудармайды, сотталушының теңсіздігі мен осалдығын көрсетпейді. Тек осындай жағдайларда ғана сотталғанның әкімшілікке қадам басып, ұсынылған ынтымақтастық нысандарын қабылдауы немесе кем дегенде оларды сынап көруі мүмкін. Әйтпесе, сотталған адамға қысым көрсетіп, іс-шаралардың мәжбүрлілігін баса көрсеткен кезде, біз сотталған адамның «жабылып», шынайы ынтымақтастықтан алыстап, тұтастай алғанда бейімделу мен "айлакерлік" тұрғысынан қарайтынына тап боламыз. Сондықтан сотталғанмен жұмыс нәзік, күрделі және жауапты міндет болып табылады.

Осылайша, динамикалық қауіпсіздік - нақты анықталған мазмұны жоқ кең ұғым, сотталғанмен жұмыс істеудің жеке тәсіліне негізделеді және түзету іс-шараларындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріндегі екпіндерді сотталғандармен сенімді қарым-қатынас орнатуға ауыстыруды көздейді. Оның мақсаты сотталғанды мінез-құлықтың оң үлгілеріне қайта бағдарлау, қайта бағалау болып табылады сотталушының құндылық көзқарастары және ондағы криминагендік көріністерден бос өмір құруға деген ұмтылысты ояту.

Қорытынды

ҚАЖ мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесі мен халықаралық стандарттар негізінде ұқсас үздік шетелдік тәжірибелер арасында үлкен алшақтық бар. Динамикалық қауіпсіздік тұжырымдамасын қарызға алу Нельсон Мандела ережелерін сақтау контекстінде ҚАЖ мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің қолданыстағы парадигмасын жетілдіруге мүмкіндік береді деп санаймыз.

Жоғарыда айтылғандар динамикалық қауіпсіздік теориясын оны заңнамада және Қазақстан Республикасы ҚАЖ практикалық қызметінде іске асыру тәсілдерін әзірлеу тұрғысынан теориялық пысықтауды көздейді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Минимальные стандартные правила обращения с заключенными: Правила Организации Объединенных Наций от 30 августа 1955 года // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/O5700000001> (қарау мерзімі 10.01.2023).
2. *Dinamic Security: The Democratic Therapeutic Community in Prison/ Edited by Michael Parker.* - London: Jessica Kingsley Publishers, 2006-288 p.
3. Яковець І.С. Динамічна безпека в установах виконання покарань як основа профілактики правонарушень // Вісник кримінологічної асоціації України. - 2015 – №3 (11).
4. Денисова Т.А. Покарання: кримінально-правовий, кримінологічний та кримінально-виконавчий аналіз: монографія / Т.А. Денисова. – Запорозжя: КПУ, 2007 – 288 с.
5. Обзор системы обеспечения безопасности в пенитенциарных учреждениях Кыргызской Республики. – 2014. – 44 с. // [https://unodc.org/documents/centralasia//prodocs/Obzor\\_sistemy\\_bezopasnosti.pdf](https://unodc.org/documents/centralasia//prodocs/Obzor_sistemy_bezopasnosti.pdf).
6. Павленко А.А. Влияние международных стандартов обращения с осужденными на реформирование режима исполнения лишения свободы // Ведомости уголовно-исполнительной системы. – 2013. - №2.
